

Р 2008

8 к

"Казак энциклопедиясының" штапкаласы: "Тұлғалар"

Кепес Нүрнегіс

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР



“Қазақ энциклопедиясының” кітапханасы: “ТҮЛГАЛАР”

Кенес НҮРПЕЙІС

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

*Жаупты редакторы: Буркітбай АЯФАН,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор*



“Казак энциклопедиясы”

Алматы

Н 86 Нұрпейіс К. /Бас ред. Б.Аяған. — Алматы:
“Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2007. — 376 бет.

ISBN 9965-893-07-1

Жиырмадан астам монография мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтары жарық көрген академик К.Нұрпейіс жалпы тарихнама мәселелерімен катар еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық мемлекеттік құрылыш пен Қазақстанның 20-ғасырдағы саяси-қоғамдық өмірінің өзекті мәселелерін, ағарлышын және шаруалар мәселелерін түбекейлі зерттеген ғалым. Бұл кітапқа автордың кейінгі жылдары жазып, кезінде баспасөзде жарияланған материалдары жинақталған. Оқырман қауым Қазақстан тарихын жаңаша тұжырымдарға сайқайта зерделеу бағытымен танысып, коммунистік идеологияның кесірінен есімдері атальмай келген көрнекті алаш ардагерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметтері, тәуелсіздік жолындағы табанды құрестері жайлы дәйекті мағлұматтар алады. Бұл кітап Алаш қозғалысының 90 жылдығы мен қызыл қырғынның 70 жылдығына арналған.

Кітап ғылыми орта мен жалпы оқырманға арналған.

ББК 633

ИБ №5

Т 0503020905-005
00(05)-07

ISBN 9965-893-07-1

©“Қазақ энциклопедиясы”, 2007.

СОЗДАТЬ ЛЕТОПИСЬ ПАМЯТИ – ТАКУЮ ЗАДАЧУ СТАВИТ ОБЩЕСТВО “АДИЛЕТ” “СПРАВЕДЛИВОСТЬ”)

В Алма-Ате создано городское добровольное историко-просветительское общество “Адилет” (“Справедливость”). “Вечерняя Алма-Ата” взяла интервью у председателя правления общества члена-корреспондента Академии наук Казахской ССР К.Н. Нурпеисова, в котором он рассказал о целях и задачах новой общественной организации.

— Кенес Нурпеисович, какими программными документами руководствуется “Адилет”?

— Как и у любой общественной организации, зарегистрированной в наше перестроенное время исполнкомом местного Совета, “Адилет” имеет свой устав и резолюцию учредительного собрания. Они и определяют программу действия.

— Нельзя ли рассказать об их содержании?

— Пожалуйста, у “Адилет” нет секретов. Члены общества, прежде всего руководствуются совестью и справедливостью, когда принимают решения, их объединяют гуманистические нравственные принципы, неприятие беззакония, дискриминации, попрания прав человека, осуждение произвола и диктата как средства решения общественных, социальных и национальных проблем.

Одна из главных задач общества — сохранение иувековечение памяти жертв сталинщины, восстановление исторической и юридической справедливости в отношении лиц, подвергшихся репрессиям и произволу в период 30 — 40-х гг. и начала 50-х годов. Мы также будем оказывать

помощь тем, кто пострадал от репрессий, их родственникам, испытавшим голод и муки, нравственные страдания семей “врагов народа”, выброшенных в мрачные годы из общества на мучительное вымирание. Восстановление правды о сталинских репрессиях — задача не одного дня, в решении ее участвуют правительственные комиссии и общественные организации. Мы включились в эту работу с мыслью, что нужно вернуть людям их прошлое, без чего невозможно строить настоящее, верить в будущее, формировать самосознание детей. Девиз общества — “Вспомним всех поименно, почтим безвинные жертвы, поможем пострадавшим!” — лаконично и образно отражает это направление работы “Адилета”.

— Да, цели и задачи общества благодородны. В каких конкретных формах они найдут воплощение?

— Действительно, ход перестройки нашего советского общества на основе демократизации и социально экономических реформ, создание правового государства и утверждение гласности больше всего нуждаются в конкретных делах. Мы не только, провозглашаем принципы социальной справедливости и защиты прав человека, но и будем добиваться создания в Алма-Ате на средства фонда “Адилет” (“Справедливости”) мемориального музеиного комплекса, включающего памятник жертвам сталинщины, а также научно-информационный и просветительский центр с общедоступным архивом и библиотекой по данной проблеме.

— Как пополняется фонд?

— Добровольными взносами членов общества и населения. Каждый, кому дорога память о жертвах, незаконно репрессированных в годы культа Сталина, кто стремится восстановить добрые имена невинно пострадавших и увековечить память о них, может сделать свой вклад, перечислив деньги в наш фонд: счет №1700319 Алма-Атинского управления Житсоцбанка СССР.

— Но такие же задачи ставит и Всесоюзное общество "Мемориал". В чем отличие "Адилета"?

— Городское добровольное историко-просветительское общество "Адилет" ("Справедливость") самостоятельная общественная организация в структуре Казахстанской республиканской общественной организации одноименного названия. "Адилет" поддерживает движение "Мемориала", имеет с ним контакты. Однако наше участие во всесоюзных акциях и мероприятиях, проводимых "Мемориалом", возможно лишь после соответствующего решения правления или конференции общества. Наша деятельность распространяется на Алма-Ату и область, мы действуем с учетом исторически сложившихся социальных, национальных и религиозных особенностей, обычаяев и традиций населения города. Мы сторонники принципов интернационализма и патриотизма, гласности и демократизации в общественно-политической и социально-экономической жизни столицы республики. В этой связи "Адилет" одобряет работу учредительного съезда по созданию республиканского общества "Казак тили" ("Казахский язык") и будет оказывать ему всяческую поддержку.

— Давайте возвратимся к предыдущему вопросу. О каких исторических особенностях, сложившихся в нашем регионе, идет речь?

— Восстановление исторической правды о беззакониях в годы сталинщины, изучение их причин и следствий, содействие комиссии при горсовете по дополнительному изучению материалов, связанных с репрессиями, это так сказать, работа "Адилета" в общем направлении, которую, например, проводит и "Мемориал". Словом, общественный и моральный суд над Сталиным и его окружением будет продолжаться и углубляться до полного разоблачения виновных в античеловеческой тирании. Но у нас много своих, региональных забот и не меньшие проблемы, особенно так называемых "белых пятен" в книге истории Казахстана. Надо восстановить историю нашей Родины, вернуть культурное наследие народа, дать объективную оценку деятельности эмиссаров Сталина, которые незаконными и террористическими методами управления по указанию командно-бюрократической верхушки вели раскулачивание и коллективизацию скотоводческих индивидуальных хозяйств, приведших к повторному голоду в начале 30-х годов. Одна из особенностей нашего региона состоит в том, что на его территории размещались специальные закрытые зоны, где функционировали фабрики смерти зловещего ГУЛАГа, места ссылок репрессированных и депортированных немцев, чеченцев, ингушей, крымских татар, корейцев, курдов, турок и других народов.

"Адилет" ставит своей целью содействовать полному восстановлению их прав. В 30-е годы Алма-Ата стала местом ссылки инакомыслящих, противников ста-

линского режима, в предвоенные годы здесь свирепствовал кровавый ежово-бериевский разгул, подкосивший лучший цвет научно-культурной казахской интелигенции, партийного, советского и комсомольского руководящего актива республики, области и города.

Предстоит восстановить правду об этих трагических черных ночах столицы, составить траурную летопись Памяти, разыскать безымянные могилы замученных и расстрелянных, установить мемориальные знаки на их последнем земном пристанище. ... Обращаясь к совести людей, "Адилет" надеется на их участие в сборе информации и сведений о жертвах сталинских репрессий. И дальше. Мы не все воспринимаем у "Мемориала", некоторые методы и формы его работы все еще носят дискуссионно-митинговый характер, нередко в них берут верх группировки с категорическими взглядами. "Адилет" не ставит своей целью противопоставлять себя "Мемориалу", мы стремимся к консолидации общественного движения, способного в нравственном очищении, в воспитании подрастающего поколения в духе высокой справедливости и гуманизма.

— В Алма-Ате созданы национальные культурные центры — корейский, уйгурский, немецкий, еврейский, татарский, греческий и др. Какова позиция "Адилета" по отношению к ним?

— Судя по их программам, основная направленность вновь созданных центров — содействовать процессам перестройки и гласности при решении национальных вопросов. "Адилет" за устранение перекосов в национальной политике, за немедленный пересмотр законности принудительного переселения в Казахстан целых народов, имевшего

место в период сталинщины. "Адилет" также выступает против массовых ведомственных миграций рабочей силы и размещения производительных пропущено правительством республики. Считаем, что массовое переселение людей в угоду ведомственным интересам, равно как и попытки создания каких-либо ограничений лицам некоренной национальности, проживающим в Казахстане, является грубейшим нарушением прав человека.

Национальные меньшинства на территории Казахстана должны иметь необходимые условия для их самосохранения. "Адилет" будет постоянно сотрудничать с национальными культурными центрами, разрабатывать и проводить совместные мероприятия по увековечению памяти жертв сталинских репрессий, организовывать этнографические выставки и вечера, посвященные памяти выдающихся деятелей национальной культуры и искусства, фольклорные и самодеятельные концерты, благотворительные мероприятия и др. Приглашаем к сотрудничеству!

— Каково отношение "Адилета" к событиям в Алма-Ате, которые имели место 17 — 18 декабря 1986 года?

— Думаю, что настало время честно рассказать о том, что произошло в те трагические дни на площади, какие предшествовали им события, кто был зачинщиком их. И хотя Верховный Совет Казахской ССР утвердил комиссию еще 22 июля 1989 года с целью предания полной гласности в этом вопросе, мы до сих пор не знаем полной правды. Комиссия, возглавляемая известным поэтом, членом Президиума Верховного Совета Казахской ССР К.Г. Мурзалиевым, наделена широкими полномочиями. Как яствует из постановления, она должна была представить свое заключение оче-

редной сессии Верховного Совета Казахской ССР. Как видим, сессия прошла, а заключения нет. Догадываемся, что вопрос сложен. "Адилет" в резолюции учредительного собрания по этому вопросу записал: "Добиваться гласности обстоятельного и объективного расследования событий, имевших место 17 — 18 декабря 1986 г. в Алма-Ате, реабилитации несовершивших насильственных действий".

— Городское общество "Адилет" зарегистрировано решением исполнкома Алма-Атинского горсовета. Какова его структура?

— Учредительное собрание избрало правление — 27 человек, которое образовало 7 комиссий: по сохранению и увековечению памяти жертв сталинщины; связи с общественными и государственными организациями; информации и пропаганды деятельности общества; просве-

тительской деятельности; научно-поисковой работы с архивами и другими материалами; работы с молодежью; оказания социальной помощи лицам, пострадавшим от репрессий и несправедливости.

— Словом, идет консолидация сторонников "Адилета"?

Да, и мы обращаемся к организациям и учреждениям нашего города оказывать нам всяческое содействие в нашем становлении, просим радио, телевидение и прессу шире освещать деятельность "Адилета". Сообщаем, что учредителями городского общества "Адилет" являются Алма-Атинский архитектурно-строительный институт и городское Общество охраны памятников истории и культуры Казахстана. Мы приглашаем и другие трудовые коллективы быть нашими спонсорами. Ждем предложений!

"Вечерняя Алма-Ата",
1989, 7 ноября.

“ТҮТҚЫНДАЛҒАН” “ОЯН, ҚАЗАК” АЛМАТЫДА

Жетісу өніріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің тарихын зерттел жүрген Алматы облыстық архивінің директоры С.И. Боранбаева жақында мені аса қызықты архив ісімен таныстыруды. Ол көп жылдар бойы зерттеушілер назарына ілінбей “құпия сактау” тізіміне жатқызылып келген, ал бұл құндері ғалымдар қауымы үшін пайдалануға рұқсат етілген көлемі 227 беттен тұратын көне құжаттар болып шықты.

Деректердің басым көшілігі Жетісу губерниялық біріккен мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) шешіміне сойкес 1927 жылғы 12 акпанды қамауға алынып, 1928 жылғы шілдеде Жетісу губерниялық сотының үкімімен 10 жылға бас бостандығынан айырылған (кейін бұл үкім бес жылға қыскартылған) Шөренов Мұхаметжан дейтіннің 1910 — 1917 жылдардагы іс-әрекетіне байланысты еken.

Архив деректерінде XX ғасырдың басындағы, өсірепе бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы, Жетісудағы саяси хал-ахуал туралы жалпы мағлұматтар, 1916 жылғы көтерілістің Жетісу ошағына байланысты тың мәліметтер, оған басшылық еткен адамдардың тағдыры туралы қызықты хабарлар келтірілген. Олардың катарында көтеріліске қатынасқан жекелеген адамдардың, көтеріліс басшылары Бекболат Әшекеев, Байбосын Томабаев, Жаксыбай Әтеев, т.б. патша жендертерінің қолынан оққа үшып, дарға асылғандықтары жәніндегі мәліметтерді ерекше алуға болады. Сонымен бірге өлке жүртшылығына сол кезде кеңінен белгілі болған,

алайда бүтінгі құндерге дейін олардың Ұлы Октябрь қарсаңы мен совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы өмірі мен қызметі жөнінде алып-қашпа ойлар айтылып, әр түрлі бағаланып жүрген, кезінде жап-жақсы білім алған көзі ашық бірнеше адамдардың мәлімдеме-колхаттары бар. Біздің осы мақалада айтайды, дегеніміз бұл емес. (Архив деректеріндегі бұл сюжет арнайы зерттеуді қажет етеді).

Ендігі әңгіме “түтқындалған” “Оян, қазак!” жөнінде болмак.

1910 — 1917 жылдардағы қылмыстық ісіне байланысты 1928 жылы басы сотты болған Мұхаметжан Шөренов пен алғашқы басылымы 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрғен Міржакып Дулатовтың “Оян, қазак!” кітабының арасында қандай байланыс бар? деген занды сұрап туады. Бұған архив деректері арқылы жауап аламыз. Алдымен М.Шөренов туралы. Архив деректері көрсетіп отырғанындей және 1928 жылғы 20 шілдеде Жетісу губерниялық сотының үкімінде дәлелденгеніндей, Мұхаметжан Шөренов 1914 жылдан 1917 жылғы акпан революциясына дейін Россия империясы полиция департаментінің Жетісу облысы Верный (Алматы) бөлімшесінің жасырын тыңшысы болған. Ол өзінің тыңшылық “қызметі” үшін бөлімшеле бастығы ротмистер Железняковтан атқарған “жұмысының” көлемі мен “сапасына” сәйкес ай сайын 25-тен 50 сомға дейін ақша алып тұрған. Алғашында №12 агент, кейін “Нияз” деген лақап аттарды иемденген тыңшы Шөренов, архив деректерінде айттылғанындей,

Верныйдағы жасырын полиция бөліміне Жетісу дағы “мұсылмандар қозғалысы туралы, панисламдық пікірдегі адамдар жөніндегі мәліметтер беріп, 1916 жылғы қыргыз (қазак — К.Н.) қозғалысы туралы кен баяндап отырған. Осының нәтижесінде жасырын полиция бөлімі көтеріліс басшыларын қолға түсіріп, оларды дарға асқан”.

Ол өзінің тыңшылық жұмысын атқару үшін жарғақ құлағы жастықка тимей Алматы, Ұзынағаш, Шелек, Піспек сияқты елді мекендерді арапал, Жетісу өніріндеғі ірі базарлар мен жәрменкелерде болып, өз кожаларына қажет мәліметтер жинаған.

Кезінде Верныйдағы гимназияның бірнеше класын бітірген, орысша да, мұсылманша да сауатты тыңшы Алматыдағы зиялы қауыммен де арапас-құралас болып, жақын жүрген. Ол қаладағы Ахмет-Қорім Зейнуллиннің кітап дүкеніне де анда-санда бас сұғып түрған. Осы дүкеннен Міржақып Дулатовтың “Оян, казак!” кітабын сатып алушыларды және оны оқып, халыққа таратушыларды да, кітаптың мазмұнымен танысушыларды да тізімге ата жүрген...

ХХ ғасырдың басынан қалыптасқан казак қауымына тән буржуазиялық максат-міндеттерді алдына қойған қоғамдық қозғалыс, өлкеде большевизм мен революциялық курс идеяларының тарауы патша үкіметі мен оның жергілікті әкімшілік аппаратын абыржытпай қойған жок.

Осы кезде казак зияльлары жалпы демократиялық мәндегі ұлттық тән право-лық, халықтың мәдениетін көтеру, әйел тендігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру, отаршылардың жер мен суды тартып алуына карасты наразылық білдіру сияқты мәселелерді көтерді. Осы жалпы демократиялық мазмұндағы

талап-тілектердің өзі халық арасында объективті түрде отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруға қызмет етті. Осындағы өмірлік сұраныстан тұган және оған жауап берген санаулы дүниелердің бірі 1909 жылы жарық көрген, кешікпей тағы да өлденеше рет басылған Міржақып Дулатовтың “Оян, қазағы” еді. Кітапқа эпиграф ретінде алынған:

Козінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Откізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал қарап боп,
Қазагым, енді жату жарамасты, —

деген шумак “Оян, қазактың” айтайын деген басты идеясын дәл берді. Дәл сол кезде Ахмет Байтұрсыновтың қаламынан тұган, бірақ оның 1911 жылы Орынборда жарық көрген “Маса” жинағына цензура енгізбей тастаған мына жолдар да жоғарыда келтірілген Міржақып өлеңімен сабактас:

“Қазагым, елім,
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Камауда жаның,
Аш көзінді оянып”.

Көлемі небәрі 4 — 5 баспа табақтай Міржақыптың “Оян, қазағында” ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер көркем сөзбен шыншыл кестеленген. Патшалық Россияның отарына айналған ел мен жердің тағдыры, оку-ағарту мен дін жағдайы, жетімдер мен жесірлер халі, ауылдағы сайлау ісі сияқты мәселелер. “Оян, қазаққа” тақырып болған мәселелер. Сонымен катар

Міржақып қазақ жастарын оқып, білім алуға, орыс тілі мен өнерін үйренуге шакырады. Ол орыс қауымының ұлті алар данышпандары катарынан Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Тургенев, Крыловтарды атайды да, “картайып бұл уақытта Толстой тұр, өзіне мәслихаттас ерлерді ертіп”, — дей келіп, өз ойын былай түйіндейді:

Казакта олар текстес бар ғой шешен,
Халықтан мойны озып, туган көсем.
Семейден шыкты Ыбрай Құнанбаев
Сөзінде қате бар ма сынап корсен.
Ақын аз Байтурсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, магынасы меруерттей.
Оқығын гибрат алып жас жігіттер
һәммесі оз халқына қызмет еткей...

Міржакыптың өз сөзімен баяндасақ, ол халқының “откенін сайрап”, өзі омір сүрген кезеңнің “кемшілігін зарлап айтты”.

Міржақып “Оян, қазағы” жарық көрісімен халықтың ұлken құрметіне не болды. Сол үшін ол патша әкімшілігіне ұнамады, жасырын полиция органдарының бақылауында болды. 1910 жылы екінші басылымы жарық корген “Оян, казак!” көп кешікпей халық окута тиісті емес зиянды шығармалар катарына жатқызылып, “тұтқынға” алынды. “Оян, қазактың” “тұтқынға” алынуы туралы ресми молімет 1912 жылғы соуір, мамыр және шілде айларын қамтитын полиция шешімдеріне сәйкес бүкіл ел көлемінде окуға тиым салынған кітаптардың алфавиттік көрсеткішінде тұр. (Алфавитный указатель книг, арест которых утвержден судебными установлениями за апрель, мая и июль 1912 года, стр.8).

“Оян, казак!” осылай “тұтқындалған” соң жер-жерде оны оқып, насиҳаттаған адамдар жасырын полиция құрығына

іліне басталды. Бұл істе Мұхаметжан Шөренов сияқты жасырын тыңшылар ерекше белсенділік көрсеткен.

М.Шөренов 1916 жылдың маусым айында Жетісу губерниясындағы патша әкімшілігіне жақын жүретін, белгілі тілмәш Қойсерке Тоқсанбаевтың үстінен онын ертеректе “Оян, қазакты” оқып, халық арасына таратқаны жөнінде жасырын полицияның Верный бөлімшесіне сез жеткізеді. М.Шөреновтың арызы бойынша ротмистер Железняков сол кезде өзі басқарып отырған құпия болімшениң тілмәші Қойсерке Тоқсанбаевпен әңгіметтерге (ресми тергеу емес) жүргізеді. Онын барысында Тоқсанбаев “Оян, қазакты” 1910 жылы, ол “тұтқындалмай” тұрганда, кітап дүкенінен сатып алып оқығанын мойындал, ал оны халық арасында таратпағанын мәлімдепті. Ротмистер Железняков өзінен жоғары дәрежелі әкімге жолдаған рапортында өз тілмәшін қызғыштай корғап былай деп жазыпты: “... Разобравшись в деле Қойсерке Тоқсанбаева, я пришел к заключению, что сведения заявителя №12” (М.Шөреновті айттып отыр. К.Н.) не соответствует истине и никогда Тоқсанбаев книги “Оян, казак” не распространял... До предварительного приема на службу Тоқсанбаева я окружил его своей агентурой... агентура, а также его начальство дали о нем самые лучшие отзывы...”.

Жасырын полиция болімшесінің басшысы өз тілмәшін “Оян, қазакты” оқығаны үшін тартатын жазасынан осылай корғап қалды. Ол Тоқсанбаев үшін өзінің сөгіс алмауын ойлауы мүмкін. Ал онын жасырын тыңшысының Қ.Тоқсанбаевтың үстінен арыз бергенде максаты не болды? Әлде тыңшы тілмәштің орнын алғысы келді ме? Ол бізге беймәлім.

Ал біз үшін қызықты мәлімет мынада. Сол Қ.Токсанбаев 1927 жылғы 12 мамырда М.Шөреновтің тергейі жүріп жатқан кезде Жетісу губерниялық ОГПУ-дың өкіліне берген мәлімдемесінде 1910 — 1911 жылдары Верный (Алматы) қаласының зиялышы арасында “Оян, қазактың” кеңінен тарағаны туралы айтқан. “Оян, қазактың” сол кезде оқып, оны жатқа айттып, көпшілікке таратқандардың катарында Қ.Токсанбаев Алматы тұрғындары Қалмұхамед Қадырбаевты, Мырзахан Төлебаевты, Тұлекбек Теміровты атап, қалғандардың аты-жөні жадымда қалмалы депті.

Архив казынасында сақталған құжаттар “тұтқындалған” “Оян, қазактың” Алматыға байланысты 1910 — 1916 жылғы тағдыры туралы осылай сыр шертеді.

Жоғарыда айтылғаннан мынандай корытындылар жасауға болады. Бірінші-

ден, 1909 жылы Уфада жарық көрген “Оян, қазак!” Қазақстанның барлық аймағына кеңінен таралған. Оған кітаптың өлкенің алыс өнірі Алматыға дейін жетіп, жергілікті кітап дүкені арқылы оқырмандарға сатылғандығы дәлел. Екіншіден, Жетісу өнірінде XX ғасырдың басында айтарлыктай зиялышы қауым болған, қазақ оқығандары “Оян, қазак-пен” өздері ғана танысумен шектелмей, оның мазмұнын халық арасында наси-хаттаған. Үшіншіден, “Оян, қазактағы” жалпы демократиялық талап-тілектер жергілікті халық ішінде отаршылдыққа қарсы саяси хал-ахуал қалыптастыруға қызмет еткен. Сондықтан да патша әкімшілігі ол кітапты тәртіп үшін зиянды шығарма деп бағалап, оны “тұтқындалған”.

“Қазақ өдебиеті” газеті,
16.11.1990 ж.

КӨМУСІЗ ҚАЛҒАН БОЗДАҚТАР

(Қазақстандағы 1921 — 1922 жылдардағы ашаршылық туралы шындық)

Соңғы бірнеше жылдың бедерінде Қазақстанның Қазан революциясынан кейінгі тарихының “актандак” беттеріне жаттын 20-шы, 30-шы жылдардағы ашаршылық туралы біршама көп жазылды. Ал 1921 — 1922 жылдардағы ашаршылық жөнінде осы күнге дейін кейір енбектерде желе-жорта, жалпылама түрде ғана баяндап келді. Сондықтан да осы мақалада архивтік деректерге сүйене отырып, 1921 — 1922 жылдары Қазақ АССР-і губернияларын түгелге дерлік шарпыған ашаршылық туралы және оған қарсы жүргізген күрес тарихын оқырмандарға қысқаша баяндауды мақсат еттік.

Ішкі және сыртқы контрреволюцияны талқандап, азамат соғысын аяқтаған совет елі 1921 жылы тағы да ауыр сынға душар болды.

1920 — 1921 жылғы қарсыз өрі үзакқа созылған сұық қыстар кейін қуанышыл жаз келді. Жерде қыстар қалған ылғал болмаған соң, оның үстіне қөктем мен жазда жаңбырдың жаумай қоюы елдің көптеген аудандарында бұрын-сонды болып кормеген қуаншылыққа әкеп сокты. 1921 жылдың жазына елдің көптеген аудандарын, ең алдымен Волга бойын жан түршігерлік аштық жайлады. 1921 жылдың күзіне қарай Совет елінде 20 миллионнан астам адам аштыққа үшyрады.

1921 жылғы 17 июльде РК(б)П Орталық Комитеті ашаршылыққа байланысты барлық партия мүшелеріне арнаулы үндеу жолдады. Ашаршылық, — делінді Үндеуде, “...биылғы жылғы қуаншылықтың ғана нәтижесі емес, оған өткендегі

тарих, ауыл шаруашылығымыздың артта қалуы, ауыл шаруашылық білімнін томенгі сатысы, ауыспалы егістің артта қалған формалары себепші болды; оны соғыс пен коршаудың (блокада) нәтижелері, бізге қарсы токтаусыз жүргізіліп келе жатқан помешиктердің, капиталистер мен олардың малайларының күресін қүшетті” (“Правда” газеті, 1921, 21 июль).

Осы партиялық документте айтылған ашаршылықтың себептеріне кося азамат соғысы жылдарында Совет өкіметі жүзеге асыруға мәжбүр болған төтенше экономикалық саясат — “соғыс коммунизм” саясатының елдің халық шаруашылығына, осіреке ауыл шаруашылығына аса ауыр соккы болып тиженін және ашаршылықтың кен көлемде өрістеуіне себепші болғандығын баса айтуымыз керек. Қазақстанның көптеген аудандары да аштықтың мейірімсіз, тегеуірінді шенгеліне түсті. Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Актөбе губернияларындағы егілген егін қуаншылықтан шықпай қалды, ал шықканы күйіп кетті. Қешпелі және жартылай қешпелі мал шаурашылықты аудандардағы жайылымдар мен пішіндік шөпте түгелдей күйіп кетті. Бұл жағдай мал басының түгелдей қырылып қалу қаупін туғызды.

1920 — 21 жылғы қыстың өте қатал болып, үзакқа созылуы Торғай уезінде мал басының жаппай қырылуына әкеп сокты. Мұның нәтижесінде уездің тұрғындары барлыққа дерлік малынан айрылды десе де болады. Мал басының қыры-

лұынан әсіресе Шұбалан, Тусын, Маңқарын. Сарықопа бойыстарының тұрғындары көп қайғы-қасірет көріп, ауыр азап тартты, аштықтан өлгендер саны көбейе бастады.

Ашаршылық отырыкшы село тұрғындарын да шарпыды. Қостанай губерниясының Исаево-Дедовский аудандық советінің атқару комитетінің 1921 жылғы февраль-март айларындағы Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советінің атына жолдаган есептерінде аудан көлемінде халықтың аштыққа үшінші бағасынан шырай бастағандығы және оған байтанисты кейбір селолар тұрғындарының наразылық білдіріп отырғандары туралы жазылды. Кей жерлерде аштық қаупінен қорыккан шаруаттар мемлекеттік разверстка бойынша жиналған астықты бөліске салуға өрекеттер жасаған.

Мәселен, Дмитриевка селосында осы селоның және көршілес елді мекендерден келген 200-ге жуық әйелдер азық-түлік салымы (продразверстка) бойынша жиналған астықты Орынбордағы коймата алып кетуте әкелінген көліктерді (лау, подвода) күп жіберген. Олар “егер жиналған астықты алып кететін болсандар, біз аштықтан өлім қаупіне душар боламыз” — деп айқайлаған.

Ат аштыққа үшіраған Васильевка селосының тұрғындары күн сайын ертемен шіркеу конырауының соғуынан аланға жиналтып, азық-түлік, маңын жемі мәселелерінің төңірегінде қызу әнгімелер айтуды әдетке айналдырған. Жергілікті Совет өкілдерін олар: “бізге астық беріндер, әйтпесе біз аштан өлеміз” деген сөздермен карсы алып отырған. Никольское селосының тұрғындары көктемінде егіс үшін дайындалған тұқымдық дақылдар болісіп алып кеткен (КР ООМ, кор-40, тізбе-1, іс-264, парап-3).

1921 жылғы 1 тамыздан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бекей және Қостанай губерниялары ресми түрде аштыққа үшіраған аудандар қатарына жатқызылды.

1921 жылдың күзіне қарай Қазақ АССР-ына қарайтын жеті губернияның (Түркістан АССР-ына қараған Сырдария және Жетісөу губернияларын қоспағанда) бесеүінің: Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бекей губерниялары мен дербес (самостоятельный) Адай уезінің тұрғындары аштыққа үшінші бағасынан шырай бастағандығы және оған байтанисты кейбір селолар тұрғындарының наразылық білдіріп отырғандары туралы жазылды. Аштық 1.558.927 адам мекендерден 1.048.100 шаршы шакырым территорияны қамтыды. 1921 жылғы ноңызда аштыққа үшіраған адамдар саны әр губерния бойынша мынандай болды (сонда, қор-320, іс-33, парап-12).

Губерниялар	Статистика басқармасының мәліметтері бойынша	Жер-жерден алынған мәліметтер
Орынбор	387.500	444.786
Қостанай	264.900	254.816
Орал	384.900	400.900
Ақтөбе	269.100	359.325
Бекей	176.500	100.000
Жиыны	1.508.900	1.558.927

Аштық өзімен бірге эпидемиялық ауруларды — сүзекті, іш ауруды, тырысқақты, шынганы (қырқулак сиякты ауру), обаны, т.б. ала келді. Жүқпалы ауруларға үшірағандар саны республикадағы емдеу мекемелерінің мүмкіндігінен әлдекайда жоғары болды.

Аштық пен жалаңаштық, эпидемия, емдеу мекемелерінің жетіспеушілігі аурулардың өлім-жітімге үшінші бағасынан қамтыйты. Мәселен, Қостанай губерниясында кей күндері аштыққа үшірағандар мен аурулардың 75 процентке дейін өлген; республиканың денсаулық сактау халық комиссариатының мәліметтері бойынша

1921 жылдың 1 караашасынан 1922 жылдың 1 июліне дейін Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе губернияларында аштыктың салдарынан 37.657 адам өлген (сонда, 11, 18-параптар). Қазақстанның басқа аудандарында да аштық пен аурудан өлген адамдар саны аз болмады. 20-жылдардың басында Бөкей губерниясы Тарғын бөліміндегі Советтердің уездік атқару комитетінің төрағасы болған Х.Д. Чурин өз есептігінде былай деп жазды: “1921 — 22 жылғы қыста уезд орталығы болған поселкенің қошелерінен кей күндері ертенгі сағат 5 пен 6-ның кезінде аштыктан өліп қалған ондаған адамдардың деңелерін жинап алғып жүрдік” (Х.Чурин. Сквозь бурю. Алма-Ата, 1967, с.121 л22).

Совет оқіметінің жергілікті органдары күн сайын ата-аналарынан айырылған 50-ге жуық панасыз балаларды жинап алғып, балалар үйлеріне орналастырып отырды. 1921 жылғы 1 декабрьдегі мәлімет бойынша панасыз қалып, аштыкка ұшыраған балалар саны Қазак АССР-ы бойынша 128.000 болса, сол жылдың аяғында бұл цифр 158.000-ға, ал 1922 жылдың 1 марта — 408.022-ге жетті (КРОММ, кор-320, іс-33, 12-парак).

1922 жылдың наурыз — соуір айтарында Қазақстанның жайтаған аштық озінің шырқау шегіне көтерілді. Қазақстан Советтері Орталық Атқару Комитетінің председателі С.Мендешев 1922 жылғы 8 шілде күнгі ҚазЦИК-тің III сессиясында жасаған баяндамасында сол жылғы коктемнің ортасында тольғы емес мәліметтер бойынша Қазақ республикасында 2.832.000 адам аштыкка ұшырағанын айтты (III сессия КирЦИКа (полный стенографический отчет) 8 — 18 июля 1922 г. Оренбург, 1922, с. 2).

1920 жылдың сонына қарай республика тұрғындарының саны 4781263 адамға

тән болды, оның 50,3 проценті қазактар, 31,2 проценті орыстар, 14,4 проценті україндықтар еді. Басқа сөзбен айтқанда 1922 жылғы наурыз бен соуірде Қазақ республикасының Семей губерниясынан басқа 6 губерниясы тұрғындарының орта есеппен 68,2 проценті аштыкка ұшырады. Кейір губернияларда аштыкандар саны республика бойынша орташа көрсеткіштегі жоғары болды. Мәселен, Орал губерниясы тұрғындарының 99 проценті, Орынбор губерниясы тұрғындарының — 80,3 проценті, Қостанай губерниясы тұрғындарының — 74,5 проценті аштыкка ұшырады. Ал Бөкей губерниясында бұлар халыктың 29,5 процентіне, Ақмола губерниясында 40,2 процентіне тән болды.

Қазақстанның қуанышылықка, аштыкка ұшыраған губернияларындағы мал басы күрт төмен түсті. Мәселен, бір ғана Қостанай губерниясы бойынша 1922 жылды 1920 жылмен салыстырғанда жылды саны 63%-ке, ірі қара (сауын) маты 50%-ке, кой мен ешкі 65%-ке азайды, ал егіс көлемі 62% кеміді. (Отчет Кустанайского губко-ма РКП(б) и контрольной комиссии. Кустанай. 1923, с. 10).

Республиканың аштыкка ұшыраған губернияларының тұрғындары азық-тұлік іздең басқа аудандарға — онтүстіктері Түркістан республикасына, шығыстағы Ақмола мен Семей губернияларына өз беттерімен жосылып кете бастады. Сонымен қатар Волга бойында аштыкка ұшырағандары Орынбор губерниясы мен Түркістан республикасына көтеп келді. Мұның өзі бұрыннан тапшылыққа ұшырап отырған Қазақ республикасының жағдайын күрт ауырлатып жіберді.

Аш босқындардың көтеп келуінің салдарынан 1921 жылғы астық өнімі бойынша жағдайы дұрыс деп есептелген

Ақмола мен Семей губернияларындағы ашықкан адамдар саны қауырт осіп кетті. Мәселең, 1922 жылдың наурызында Ақмола губерниясындағы аш адамдар саны 472 мың, басқа сөзбен айтқанда губернияның 1921 жылғы барлық тұрғындар санынан сәл ғана аз болды.

Республиканың кейір аудандарында аштықтың ауыр азабын тартқан адамдар мемлекеттік аштық корын күшпен бөліске салтуға әрекет жасады.

1921 жылдың жазына қарай аштық Исаево-Дедовский ауданына қарайтын барлық бөлістардың халқын шарпыды. Күн сайын 300 — 500 адамнан топ-топка бөлінген аштыққа ұшырағандар болыстық, ауылдық және селолық Советтерге келіп, өздерін аштық өлімнен аман алып қалуды талап еткен. Кейір елді мекендерде ашықкан халық мемлекеттік астық корларын талап алу әрекеттерін жасаған. Мұндай жағдайлар Марьевск коймасынан астықты Исаево-Дедовский ауданының орталығына тасу кезінде орын алған. Күнде ашықкан адамдардың камауына алынып отырган бөлістық, ауылдық және селолық Советтер жоспарлы түрде жұмыс істеуден калған. Олардың мүшелері уакыттарының көбін Совет мекемелерін ашыққандардың қарынан корғауға жұмсап отырған. Ал көптеген селолық Советтердің өздері аштыққа ұшыраған мүшелері Совет кеңесін жауып тастап, азық-түлік іздел босып кеткен (сонда).

1922 жылғы 19 — 27 актапнда Орынбор қаласында өткен бүкілқазақстандық екінші өлкелік партия конференциясы Қазақстан Орталық атқару комитетінін (КазЦИК) төрагасы С.Менделшевтің “Қазақ АССР-ындағы ашаршылық және онымен курес” деген баяндамасын талқылады.

Конференция ашаршылық Семей мен Ақмола губерниясынан басқа республиканың аудандарын түтелдей дерлік шаршығаны анықтады.

“Ашаршылықтың қатты болғандығы соншама, — деп көрсетілді конференцияның қарарында, — ашыққандар сапасы жаман онімдермен қатар адам өліктерін де тамаққа пайдалануда... Кең жайылған ашаршылық Қазақ АССР-інің шаруашылық-экономикалық өмірінің дамуындағы басты кедергі болып, біздең Советтік құрылыштың негіздерін шайқалтумен қатар пролетарлық және шаруалар бұкарасын жоқшылыққа итермелеуде” (Казахстанская партийная организация ВКП(б) ... 1920 — 1925. Вып. I, А., 1931, с.43).

Конференция қарарында ашаршылық пен оның салдарына карсы күресті қүшеттүге бағытталған біраз нактылы шараптар белгіледі. Конференция ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету жөніндегі комиссияларға (помгол) белсенді партия қызметкерлерін жиберу кажеттігін баса көрсетті. Конференция делегаттары РСФСР-дың барлық транспорт жұмысшыларына ашаршылыққа ұшыраған аудандарға арналған азық-түлік пен тұқымдық астықты токтаусыз жөнелтіп отыруға шакырған үндеу кабылдады.

“Қырдағы казак халқына көмек көрсеттүге баса назар аудару керек. — делінді конференция қарарында, — бұл үшін аппаратты ынғайластыру қажет” (сонда).

Ашаршылық басталысымен-ақ республиканың губерниялық және уездік атқару комитеттерінің жанынан оған ұшырағандарға көмек көрсету үшін арнаулы комиссиялар құрыла бастады. Аштарға көмек көрсету үшін құрылған алғашқы комиссиялардың бірі 1921 жылдың көктемінде Советтердің Торғай уез-

дік атқару комитетінің жанынан үйімдасып, іске кірісті.

Аштыққа ұшырағандарға жергілікті жерлерде алғашқы қомекті үйімдастыру үшін ауылдар мен болыстарға уездік атқару комитетінің барлық мүшелері дерлік аттандырылды. Губерния орталығы Орынбор қаласына аштыққа ұшыраған халыққа қажетті қомек көрсетуді сұрауға уездік аткомның мүшесі Балғынбаев жіберілді.

Уездік атқару комитеттерінің инициативасы бойынша әрбір ауылдық Советтің жанынан 1921 жылғы қоқтемде егін егуді ойдағыдай откізу үшін арнаулы комиссиялар (посевкомдар) күрілген, олар қажетті тұқымдық астықпен мүмкіндігінше қамтамасыз етілді.

Губерниялық азық-тұлік комитеті Торғай уезінің ашаршылыққа ұшыраған тұргындарына қомек ретінде 50.000 пүт астық және қоқтемгі егіс науқанының мұқтаждың өтеуге 500 пүт тұқымдық астық берді (КР ММ0, кор-40, тізбе-1, іс-287, 4 — 5-параптар).

Республиканың кейір аудандарында 1921 жылғы қоқтемгі егін егуді ойдағыдай откізу жөнінде тиісті шаралар жүзеге асырылды. Мәселен, 1921 жылғы 1 наурызда Исаево-Дедовский ауданына қарайтын барлық болыстық Советтердің атқару комитеттерінің, болыстық егін егу комиссиялары (посевком) председательдері мен секретарьларының біркін мәжілісі шакырылды. Оnda аудан шаруашылығы аштықпен күресу ісіне бағындыруға арналған мәселелер қаралды. Мәжіліс қоқтемгі егіс науқаның ойдағыдай откізу үшін егіншілерді тұқымдық астықпен қамтамасыз ету, мүмкіндігіне қарай аудан қолемінде ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндейтін бірнеше шеберханалар ашу жөнінде нактылы шараларды жүзеге асы-

руды белгіледі. Болыстық, ауылдық және селолық Советтер егін егу комиссияларына жан-жақты қомек көрсетіп отыруға міндетtelінді (сонда, 3-парак).

1921 жылғы 12 майда Торғай уезі Советтерінің атқару комитетінің кеңейтілген мәжілісінде уездің ашаршылыққа ұшыраған халқына шұғыл жәрдем көрсету мәселесі қаралды. Мәжіліске Т.Жүргенов басқарған уездік атқару комитетінің мүшелері мен КЦИК-тің үәкілдері Ә.Т. Жанкелдин, С.Ж. Арғыншиев, Тимошенко және Арынғазиев қатынасты. Мәжіліс аштыққа ұшыраған халыққа шұғыл жәрдем көрсету үшін Советтердің уездік атқару комитетінің председателі басқаратын камсыздандыру, экономика және азықтұлік бөлімдерінің өкілдерінен қуалған комиссия құру туралы шешім қабылдады. Жер-жерлерде олардың бөлімшелері үйімдастырылмак болды.

Азық-тұлік қорын және соғыс малын тез арада дайындау қажеттігіне комиссияға ақшалай қаражат бөлінді. Оған қосымша Қазақстан Советтерінің Орталық атқару комитетінен қосымша қаражат сұратылды. Барлық Совет мекемелері аштықпен күресу үшін құрылған комиссияның тапсырмаларын кезексіз орындаған, оған жан-жақты қомек көрсетуге міндетtelінді. Аштыққа ұшырағандардың төтенше мұқтаждығын өтеу үшін Торғай участогіндегі соғыс комиссариатынан қарызға 200 пүт үн алынды. Сонымен катар аштықпен күресуді женилдету мақсатында РСФСР Халық Комиссарлар Советінің 1921 жылғы 28 наурыздағы декретінің неғізінде уезд қөлемінде ерікті сауда және товар айналымын енгізу туралы шешім қабылданды (сонда, 2-парак).

1921 жылы аштық Қостанай уезінің де барлық аудандарын дерлік жайлады.

Уездің көптеген болыстары тұрғындарының 75 процентке жуығы аштыққа үшіншады. Болыстық, ауылдық және селолық советтер аштыққа карсы, әсіресе жас балаларды аштық өлімнен алғып қалу үшін қажырлы күрес жүргізді, 1921 жылдың екінші жартысында уездік ауыл мен селоларында 10 балалар үйі ашылып, оларға 1000-ға жуық ашықкан балалар орналастырылды. Балалар үйлері тамакпен азық-түлік салығының есебінен қамтамасыз етілді, ал оларды отынмен жабдықтау шаруашылық әдісімен жүргізілді. Сонымен катар барлық болыс орталыктарында аштыққа үшырағандар үшін тегін тамактандыратын асханалар жұмыс істеді. Асханалар азық-түлікпен ауқатты адамдардан жиналған қосымша салықтың есебінен қамтамасыз етіліп отырылды (сонда).

1921 жылды аштықпен құрестің ауыртпалығын байлар мен ауқаттытарға салу Қазақстанның басқа аудандарында да жүзеге асырылды. Мәселен, Советтердің Ойылт уездік атқару комитетінің 1921 жылды 16 шілдедегі шешіміне сәйкес аштыққа үшыраған, бағатын адамы жоқ карттар өздері тұратын болыстардағы байларға бөлтіп берілді. Байлар оларды тегін тамактандырып, жатын орын беруге міндеттейлінді (сонда, іс-245, 252 — 253-парагтар).

1922 жылдың көктеміне қараң Қазақ АССР-ында аштарға көмектесуге арналған 7 губерниялық, губерниялық правосы бар бір уездік (Адай), 46 уездік және аудандық, 1127 болыстық, ауылдық және селолық комиссиялар күрьлди. Олардың катарында 556 жергілікті өзара көмек комитеттері болды (сонда, іс-289, 2-парак). Бұлардың барлығы жергілікті партия үйимдары мен советтердің басшылығымен жұмыс істеді. Бұл комиссиялардың барлығы өздерінің іс-әрекеттерін Қазақстан

Советтері Орталық атқару комитетінің жанынан аштарға көмек көрсету жөнінде құрылған Орталық комиссиясының қызметімен үйлестіріл жүргізіл отырды.

Аштықпен күресу үшін құрылған комиссияларға губерниялық, уездік, болыстық, ауылдық және селолық төтөнше органдардың праволары берілді. Атап айтқанда, комиссия мүшелері байланыс жөнө катынас құралдарын кезектен тыс пайдалануға праволы болды. Бұл комиссиялардың қайсысының болмасын адресінә арналған жүктөр бірінші кезекпен жіберіліп отырылды (сонда). 1922 жылдың 1 тамызынан бастап ашаршылыққа үшыраған губерниялардың атқару комитеттеріне ашаршылықпен пәрменді күрес жүргізу үшін арнаулы салық жинау, дәүлетті адамдар таратынан ашыққандар пайдасына жәрдем жинау, өздерінің каражатымен губерниядан тыс жерлерден азық-түлік дайындау праволары берілді (сонда).

Аштықпен күресу комиссияларының, жергілікті Советтердің басшылығымен 1921 жылдың күзінен бастап аштыққа үшыраған республиканың көптеген елді мекендерінде тегін асханалар ашылып, панаңыз балаларға арналған балалар үйлері үйімдаса бастады.

Мәселен, 1921 жылдың күзіне қараң тегін асханалар Қостанай уезінің Аққарағай, Затобол, Ново-Алексеев, Свердлов, Больше-Сураков болыстарында ашылды. 1921 жылы Қостанай уезінің болыстарында 1000-нан аса жетім балаларды жатын орынмен, тамакпен қамтамасыз еткен 6 балалар үйі жұмыс істеді (сонда, кор-40, іс-245, 250 — 253-парагтар).

Бокей губерниясында жергілікті Советтердің жанкятиярлық жұмысының нәтижесінде аштыққа үшыраған 15 мың адам аз молшерде болса да азық-түлік

паегімен қамтамасыз етіліп отырылды (Марксизм-ленинизм институтының орталық партия архиві, қор-17, тізб-14, іс-333, 3-парак).

1921 жылғы ноябрьдің аяғында болған Қостанай уезінің он болыстық Советтерінің атқару комитеттері төрағалары мен секретарыларның біріккен мәжілісінде болыстық, ауылдық және селолық Советтердің ашаршылықпен күресудегі міндеттері талқыланды. Мәжіліске катынасқан болыстық советтердің жетекшілері оте ауыр азық-тұлға дағдарысы кезінде жергілікті советтердің басты міндеті — аштықпен күрсесу деп анықтады.

Уездің әрбір болысында ашықкандарды тегін тамактандыратын асхана ашу жонінде, аштыққа ұшырагандардың пайdasына жәрдем жинау жайлы қаулы алынды. Осы мәжіліске катынасушылар аштыққа ұшырагандар үшін 67.000 сомды қолма-қол жинап берді. Осындай шешімдерді Қазақстанның басқа аудандарының Советтері де қабылдап, оларды жүзеге асыру жолында айтарлықтай жұмыс істеді. Ақтөбе губерниясы Ойыл уездік Советінің атқару комитетінің 1921 жылғы 16 шілдедегі шешімінсөйкес болыстық және ауылдық Советтердің атқару комитеттері бай және ауқатты адамдарды аштыққа ұшырагандардың белгілі болігін баспаナмен және тамакпен қамтамасыз етуге міндеттеді (КР ООМ, қор-40, іс-245, 248, 253 және 2-парактар).

1922 жылдан бастап ашаршылық Бөкей губерниясын әсіресе оның Тарғын, Талов және Жанғалы бөлімдерін (уездерін) кен көлемде шарпышты. Сол кезде Советтердің Тарғын уездік атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған Х.Д. Чурин мен Ж.Сәрсеков ашаршылықпен құресте республика үкіметінің көмегі жайлы және

жергілікті Советтердің инициативасы туралы былай әңгімелейді: "... мемлекет тарапынан беріліп отырган қөмектің үстінен жергілікті жердегі мүмкіншілікті пайдаланып қосымша қөмек іздестіру керек болды. Әсіресе темір жолдан қашық белес-белес шағыл құмның ішінде отырган бірнеше болыстың адамдарын аштық апатаңан аман алып қалу міндетті төтенше, қауырт шараларды қолдануды қажет етті. Осы қарсанды аштарға жәрдем көрсету жұмысымен Жәнібекке КазЦИК-тің төрәғасы С.Менделев келді.

"Сіздер жас болғанмен уезд басшыларының азamat соғысы мектебінен өткен коммунистерсіз, сіздерге партия мен үкімет бірде бір адамды аштан өлтірмеу талабын қойып отыр. Элде шаруалардың мүмкіншіліктерін қарастырып көру керек болатын шығар, революциялық заңының революциялық катан тортібі де болады", — деп ол бізге кенес берді.

Осыдан кейін біз әрбір болысқа бір-бірден адам жібердік. Олар болыстық атқару комитеттері жанынан комиссия құрып, жәрдем ретінде кімнен қанша мал, қанша ақша, қанша астық алу туралы тізім жасайтын болды, бұл тізімді болыстық атқару комитеттері бекітетін болды (Х.Чурин, Ж.Сәрсеков. Күрес күндерінде. А.Д960, 115 — 116-беттер).

Тарғын уезіндегі аштықпен күрсесу жөнінде құрылған төтенше комиссия Жәнібек поселкесіне орналасты. Уездік партия және Совет аппараттарының қызметкерлері түгелдей дерлік болыстарға аттандырылды, олар алыстағы ауылдарды жайлаған ашаршылықка карсы құресті баскарды. Уезд орталығында ашықкандарды тегін тамактандыратын сегіз пункт үздіксіз жұмыс істеді, олардың жанынан панасыздар үшін жатақханалар үйымдастырылды.

Қазақ АССР-ының партия үйымдары мен Совет органдары 1922 жылы өздерінің іс-әрекетінде негізгі күштерін аштықпен күреске жұмсады.

1922 жылдың ортасына қарай ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету жөніндегі орталық комитеттің жергілікті Советтермен тығыз байланыста жұмыс істеген органдары 777192 ашықкан адамдарды тегін тамақтандырыды (III сессия КирЦИК-а ... с.2).

Орталық аудандардағы ауыр жағдайларға қарамастан партияның орталық комитеті мен В.И. Ленин басқарған РСФСР Халық Комиссарлар Советі Қазақстандағы ашаршылықтың құрбандағына азықтұлік, тұқымдық астық, дәрі-дәрмек түрінде ұздықіз көмек көрсетіп отырды. 1922 жылғы көктемгі егін ету науқанының карсаңында Қазақстанның ашаршылыққа ұшыраған аудандары тегін көмек ретінде 907501 пүт тұқымдық дән алды. Тұқым 957.224 десятина жерге себілді (сонда). Сөйтіп, 1922 жылы Қазақстандағы егіс көлемінің 60 процентіне РСФСР-дан алынған тұқым себілді (“Социалистік Қазақстан” газеті, 1970, 26 август). Советтер ашаршылыққа ұшырап, панасыз қалған балаларды ерекше камкорлыққа алды.

Балалардың тұрмысы мен өмірін жақсарту жөніндегі комиссия ашаршылыққа карсы құресу үшін құрылған республикалық Орталық комиссиясының балалар арасындағы ашаршылықпен құресу жөніндегі арнайы секциясы болып кайта құрылды. Бұл секция өзінің жергілікті органдарын республиканың ашаршылыққа ұшыраған барлық губернияларында үйымдастырды. Осы мекемелердің атқарған жұмыстарының нәтижесінде 1922 жылдың бірінші жартысында республиканың 5 губерниясында ашықкан, панасыз балалар-

ды тамақпен және киіммен тегін қамтамасыз ететін 575 балалар үйі мен 9 балалар қабылдайтын пункттер үйымдастып, іске кірісті. Россия Федерациясының жағдайы жақсы деген губернияларына 16 ос-кери-санитарлық поездармен 18.496 панасыз, жетім балалар жіберілді (III сессия КирЦИК ..., с.15). 1922 жылдың озіндеған тоłyқ емес мәліметтер бойынша ҚазЦИК-тің жанындағы Орталық балалар комиссиясының атына еліміздің өр түрлі аудандарынан 66.790 пүт астық және де басқа азық-тұлік түрлері, 161 567 паек, жарты миллион сомга жуық акша, 100 пүттән астам сабын, мыңдаган метр мата, жүзденген пар аяқ киім, кондеген дәрді-дәрмек келіп түсті (Марксизм-ленинизм институтының орталық партия архиві, кор-17. тізбе-146, іс-334, 33-парап).

Қазақстанның аштыққа ұшыраған губернияларына жағдайы жақсы Семей губерниясы айтарлықтай көмек көрсетті. Семей губерниясының партия, совет және шаруашылық органдары өз губерниясында дайындалған азық-тұліктен тыс аштыққа ұшыраған республика және Волга бойының тұргындары үшін 1922 жылы көршілес Монголиядан 77.000 қой және 5000 ірі кара мал сатып алды (“Советская Киргизия” журналы, Орынбор, 1923, №1, 54-бет).

Ашаршылыққа ұшыраған республика тұргындарына, әсіреле балаларға, кейір халықаралық үйымдар (Қызыл Крест, Балаларға көмектесудің Халықаралық Одағы т.с.с.) мен жекелеген белгілі қайраткерлер тарапынан да көмек көрсетілді. Мәселен, жер жүзіне белгілі норвегиялық ғалым әрі қоғам қайраткері Ф.Нансеннен ҚазЦИК жанындағы Орталық балалар комиссиясының атына 4052 жәшік консерві, 20 жәшік кептірілген нан, 30 пүт дәрі-

дәрмегі бар екі көшпелі амбулатория келді (бұл да сонда).

РСФСР-дың ашаршылыққа үшырағандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық Комиссиясы 1923 жылы Қазақстандағы көктемдегі егістің мұқтаждықтары үшін 215 мың пүт тұқымдық астық, жұмыс көлігін сатып алуға 1.441.429 сом ақша және жеке аудандарға тиімді шарттармен мемлекеттік банк арқылы несиеге 690 мың сом босатты. (“Советская Киргизия”... 56-бет). Аштыққа көбірек үшыраған Актобе, Қостанай, Орынбор және Орал губернияларының кооперативтік үйымдарына көмекке центросоюздың арнаулы корынан 585 мың сом қаражат болінді.

Республиканың мал шаруашылығымен ғана айналысадын аудандарындағы аштыққа үшырағандарға да едәуір көмек көрсетілді. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруаларға көмек көрсетілгенде олардың шаруашылық және тұрмыстық ерекшеліктері ескеріліп отырылды. Олардың мұқтаждықтарын толығырақ өтеу мақсатымен бір жерден екінші жерге көшпіл жүретін тамактандыру пункттері жұмыс істеді. Әрбір осындай пунктің өзіне бекітілген дәрігері болды. Сонымен катар көшпіл-конуға ынғайлы палаткаларға орналаскан уақытша ауруханалар үйымдастырылды. Мәселен, 1922 жылы Қызыл Крест тарапынан аштыққа үшыраған көшпелі казақ ауылдарына қызмет істейтін II дәрігерлік-тамактандыру отрядтары үйымдасып, жұмысқа кірісті. Осы отрядтар өз асханалары арқылы ашыққандарға 20.00 азық-түлік паегін беріп, медициналық пункттері мен ауруханасы арқылы ауруларға қажетті көмек көрсетті. Сонымен катар Қазақ АССР-ының Ақмола және Семей, Түркістан АССР-ының Сырдария

және Жетісу губернияларының халқы жәрдемге жинап берген 0927 ірі кара мал, қойешкі, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы ашыққандарға үлестіріліп берілді (сонда, 156-бет).

1922 жылдың аяғында ашаршылық ауыртпалығынан құнқөріс камын ойлап басқа жақтарға ауып кеткен босқындар атамекендеріне кайтадан оралып келе бастады. Қайта оралып келуші босқындарды карсы алып; оларды орналастыру жұмысы жергілікті Советтер алдына үлкен міндеттер жүктеді. Бұл жұмыстың ауыртпалығы мен киыншылықтары ашаршылық шырқау биігіне шыққан шактағы атқарылған жұмыстан кем болған жок. Жер-жerde қайтып оралушыларды карсы алып, ауыл мен селоларға, қалалар мен басқа да елді мекендерге орналастыру жөнінде ерекше комиссиялар құрылды. Совет өкіметі өздерінің ата мекендеріне қайтып оралушыларға біраз женілліктер жасап, көмек берді. Оларды темір жол арқылы өз мекендеріне жеткізу үшін Орталықтан 40.000 сом қаражат болінді. Оның үстіне қайта оралуши босқындар (голодные беженцы-обратники) ішіне пеш орнатылған жүк таситын вагондармен кайткан жол ақысының 50 процентін ғана төлейтін болды. 1922 жылдың 1 тамызынан кейін өз мекендеріне кайтадан оралған босқындар салықтың барлық түрінен босатылды. Сонымен катар Совет мемлекеті 1921 — 1923 жылдары аштыққа үшыраған және азықтұлікке өте мұқтаж болған барлық губерниялардың тұргындарына көптеген жеңілдіктер жасады. Атап айтқанда, әлсіз шаруашылықтарға мемлекет тарапынан өндірістік көмек берілді, егіннен орташа өнім жинаған малы жоқ шаруашылықтар азық-түлік салығының 50 процентінен босатылды, 1921 — 22 шаруашылық жылтын-

да несиеге берілген қаражатты төлеу мерзімі ұзартылды, жалпы мемлекеттік салық төлеуден де жеңілдіктер жасалды.

Советтердін Бүкілrossиялық Атқару Комитетінің (ВЦИК) 1923 жылғы 20 маусымындағы декреті бойынша 1923 жылғы 1 тамыздан бастап ашаршылықпен және оның салдарымен күресу жөніндегі ко-

миссиялардың бәрі таратылды. Олардың аткарып келген міндеттері арнайы құрылған ауылшаруашылығына жәрдемдесу комитетіне жүктелді. Көп кешікпей мұндай комитет КазЦИК-тің жаһынан да үйимдасты (Бұл да сонда, 58-бет).

“Халық кенесі” газеті,
23 қараша, 1991.

XVIII – XIX ФАСЫРЛАРДАҒЫ ЖЕТИСУДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ПРОЦЕСТЕР

Құрметті халайық, кадірлі ағайындар!

Бүтін Сіздер мен біздер киелі Жетісу өнірінің кіндік қаласы Талдықорғанда батыр бабамыз Қабанбайдын тұғанына 300 жыл тулына орай үйымдастырылған “Жетісүдің тарихы мен мәдениеті” атты ғылыми жиында бас қосып отырмыз.

Қазақ халқының сан ғасырларға созылған күрделі тарихында Жетісу өнірінің алатын орны ерекше. Жер жәннаты аталған бұл өнір өзінің сұлу табиғатымен, қазақ халқы мен онын территориялық біртұастығының қалыптасуы процесіндегі алтын бесіктердің бірі болуымен, оны мекендеген ата-бабаларымыз бер көзіргі замандастарымыздың әлемдік цивилизацияға қосқан салмакты рухани улесімен ерекшеленеді.

Бұл — ұлы батыр бабаларымыз Бөгөнбай, Қабанбай, Малайсары, Райымбек, Наурызбайлардың халқының бостандығы мен тәүелсіздігі, жерінің тұтастығы үшін жауга қарсы қол бастап, күрес жүргізген өлкө.

Бұл — Илиясты “Жер таппан жерге жетер Жетісүым” дегізген, Жамбылды “Тізілген таулары бар Жетісүудің, ішінде орман, тогай біткен нұдын, Дариядай сол таулардан тулап тасып, көресін тамашасын аққан судың”, — дегізіп тамсандырыған өнір.

Бұл — кезінде поляктың ұлы Якушевичті таңдандырыған, данышпан Шоканды тәнтіт еткен құтты мекен. Бұл — атабабаның үрпакқа калдырыған аманатындаі көз жауын алар Ойжайлау мен Белжайлау, Қүрәнбел мен Сарытөр, Шәлкөде мен

Мынжылкы, айдынды Балқаш пен терен сырлы Алакөл, жаһұттай Көлсай мен Айнакөл орналаскан қазактың сұлу төрі.

Бұл патшаның отарлау саясатының ауыртпалығын көріп, оның осы өнірдегі қолшоқпары болған Жетісу казак-орыс әскерінің әнгіртаяғына жығылғанға шыдамай, осы ғасыр басында үлт-азаттық көтеріліске шыққан елдін ата қонысы.

Бұл — саяси қайраткер ретінде күрдемлі тағдыр иесі білікті темір жол инженері, Түрксіб құрлышын басқарушылардың бірі, артына мол ғылыми мұра калдырыған тарихшы Мұхаметжан Тынышбаевтың кіндік каны тамған жер. Бұл — казак өнерінің акынтары: “айқайға кайран дауысы ерінбеген, әсемдеп, аныратып ән салған” Әсепті білген, бұлбұл анамыз Сара мен профессионал-композитор Мұқан аға Төлебаевты, казақ совет бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі Әбілхан аға Қастеевті, казақ опера өнерінің негізін салушыларының бірі — Қанабек аға Байсейітовты, ұлы акындар Илияс пен Мұқагалиды берген, бұл күндері қазақ совет өнерін, әдебиетін, ғылымын дамытуға комакты үлес қосып жүрген, көпшілігі осы залда отырған белгілі қайраткерлерді тұған ел. Бұл — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жақындаған жарық көрген “Әділеттің ақ жолы” атты кітабында орынды атап көрсетілгеніндей, Қазақстанда, оның ішінде Жетісу өнірінде де “ғасырлар бойы жазбаша тарих та, кенен бай әдебиет те жасалып келген” Қазақстанның бөлінбес бөлігі. (“Социалистік Қазақстан”, 1991, 25 мамыр).

Археолог ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, жеті өзен аңғарларында тас дәуірдің өзінде адам өмір сүріпті. Бұған Балқаш маңынан табылған қарапайым құрал-саймандар дәлел бола алады.

Көптеген археологиялық деректер сол көне дәуірлердің өзінде Жетісу қазактарының ата-бабаларының рухани және мәдени дамуы жоғарғы дәрежеде болғандығын көрсетеді.

Біздің дәуірімізге дейінгі екінші мың жылдықтың басында Қазақстанның басқа аудандары сияқты, Жетісу өнірінде де, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы, сол сияқты сол кез үшін жаксы дамыған металтургиясы бар экономика қалыптасты. Қола дәуірінде Жетісу өнірінде сактайпаларының қалыптасу процесі басталып, біздің дәуірге дейінгі бірінші мыңжылдықта да сактар мәдениеті гүлдену кезеңін бастап кешірді. Оның жарқын дәлелі Қазақстан археологтарының Атмалы облысы Есік ауданында ашқан және тарихка “алтын адам” есімімен енген ескерткіш.

“Есік” корғанындағы сақ комплексі ең жоғарғы бағаға лайыкты, басқага ұксамайтын кемел өнердің ангартатын және көшпелітер мәдениетінің әлемдік цивилизацияға косылған ерен үлгісі ретінде бүкіл әлемнің ғылыми жүртшылығын мойындашты. Осы өнірде, Жетісу топырағында, 1970 жылдары 900 жылдығы аталаған еткен алғашкы түркі тілдес мәдени ескерткіш “Құдатғұ біліктің” дүниеге келуі де тегіннен тегін емес.

Одан кейінгі ғасырларда жаңа тайпалар одактары пайда болып нығайды, олардың катарында үйсіндер мен қаңтылар тайпаларының одактарын, түріктердің, түргештердің, найманлардың, карлуктардың, жалайырлардың ежелгі мемлекеттік

құрылымдарын атап ләзім. Кейінгі тарихи кезеңдерде қазақ халқының этникалық компоненттеріне кірген олар осы халықтың өзіне тән мәдениетінің түп негізін қалауға зор үлес кости.

XV ғасырдың екінші жартысында қазақ хандығының құрылуын Жәнібек пен Керейдің Әбліхайыр хандығынан Жетісуға көшіп келуімен ғана түсіндіру толық дәлелі жоқ тұжырым. Өйткені казақ хандығы — Қазақстан территориясындағы өзінен бұрынғы өмір сүрген ерте феодалдық мемлекеттердің ізбасары, бұл экономикалық дамудың және әлеуметтік қатынастарда этникалық процестерге байланысты болған өзгерістердің қорытындысы. Сондыктан да Жәнібек пен Керейдің ауа көшуін казақ хандығының құрылу барысындағы эпизодтарын бірі ғана деп түсінген дұрыс.

Коғамдық-экономикалық процестердің заңдылықтары мен халықтың қалыптасуы, феодалдық езгінің күшеюі, Ертіс пен Есілден бастап Сырдарияға дейінгі, Жайық пен Каспийден бастап Іле мен Аспантауға (Тянь-Шаньға) дейінгі ұланғайыр жердегі Алтын Орданың ыдырау барысындағы жалпы саяси жағдай, монгол басқыншылығы мен Токтамыс-Темір жорықтарынан көрген зардаптардан кейінгі осы аймактың онтүстігі мен онтүстік-шығысында сауда-экономикалық орталықтардың қайта өрлеуі қазақ хандығының шығуының маңызды шарттары болды. Қазақ хандығы орталықтанған мемлекет болған жоқ, ондағы феодалдық өзара қактығысулар мен соғыстар тоқтамады. Кейде ол бірнеше хандықтарға бөлініп отырды, бұл арада Қазақстан территориясында шаруашылық жағынан окшауланған, тарихи тұрғыда қалыптасқан үш алқаптың — Ұлы жүздің, Орта жүздің, Кіші